

## ХАТТАМА №3

Құлсары қаласы

Уақыты: 24.02.2022 жылы сағат 10:00

Өткен орны: Жем ауылдық округі, №4 орта мектептің акт залы

Ұйымдастырушы: «Жылыойгаз» ЖШС

Қатысқандар:

1. Жакашев Г.М - Жылыойгаз ЖШС директоры
2. Бертлеуова С - ГҚЖҚҚЖБ бастығы
3. Изматова У – өткізу қызметінің жеке тұлғалар бойынша менеджері
4. Утаров С - өндірістік техникалық бөлім инженері
5. Сулейменова Ш – экономист
6. Мәслихат хатшысы-С.Таласов
7. Д.Ж.Айтпенбет-Жем ауылдық округі әкімі

### Күн тәртібі:

1. Әлеуметтік желілерде газ бағасына қатысты туындап жатырған халықтың сұрағына ашық сұхбат түрінде жауап беру, жалпы серіктестіктің қызметі бойынша ақпарат жеткізу.

Кездесуді Жем ауылдық округі әкімі Д.Ж.Айтпенбет ашып, жалпы жиындарға халықтың белсенділігінің тым төмендігін жеткізді. Одан кейін, «Жылыойгаз» ЖШС директоры Г.М.Жакашев сөз алып, газ бағасы саясатына тоқталды.

Мәслихат хатшысы С.Таласовта сөз алып, халық ашық сұхбатқа келіп, өздерінің көкейіндегі сауалды қойып, нақты жауап алмағаннан кейін, кейбір мәліметтерді қате түсініп, қате қабылдайды, содан қате пікір қалыптасады деп мысал келтірді.

Ауыл белсендісі Тажімұхан Айнагүл сөз алып газ беймезгіл уақытта сөніп қалып жатырған жоқ, үзіліссіз беріліп отыр. Жалпы жеке тұлға ретінде менің Жылыойгаздің жұмысы, газ бағасы мені қанағаттандырады деді.

Ауылдық округ әкімі жиынға халық көп келмегені, яғни газге қатысты ауылда мәселе жоқ деп тұжырым жасады.

**Отырыс төрағасы:**  
«Жылыойгаз» ЖШС директоры



Жакашев Г.М

**Отырыс хатшысы:**  
Заң кеңесшісі

Кусаинова Н